

# ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ДЕПОЗИТТЕР НАРЫҒЫНА ҚЫСҚАША АҚПАРАТТЫҚ ШОЛУ 2020 жылдың 1 - ші тоқсаны бойынша

## Жеке тұлғалар салымдары нарығының даму динамикасы

2020 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша депозиттерді кепілдендіру жүйесіне (бұдан әрі - ДКЖ) қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттері 9.9 трлн. теңгені құрады (1-ші сурет). Жылдың басынан бастап депозиттердің өсуі 6.2% (+580.8 млрд. теңге, 2-ші сурет), ал соңғы 12 ай бойынша жеке тұлғалар нарығы 15.7% (+1 337.7 млрд. теңге) көбейгені тіркелген. Аталған өсу негізінен депозиттердің ұлғаюы және валютадағы депозиттердің бағамдық қайта бағалануы есебінен болды (соңғы 12 айдағы депозиттердің өсуінің 66%, 2-ші сурет). Бағамдық қайта бағалау есебінен<sup>1</sup>, жеке тұлғалардың депозиттері 1.3% азайды (соңғы 12 ай бойынша +7.3%).


2020 жылдың бірінші тоқсанында теңгедегі депозиттер 4.1% қысқарды (соңғы 12 ай бойынша +9.5%). Бұл қысқару 2019 жылдың соңғы екі тоқсанында байқалған үрдісті үзді (2019 жылдың 3 тоқсаны +4.2%, 2019 жылдың 4 тоқсаны 10.6%, 1-сурет).

2020 жылдың бірінші тоқсанында шетел валютасындағы депозиттер 20.7% (+802.3 млрд. теңге, 3 сурет) өсті, ал соңғы 12 ай бойынша жеке тұлғалардың валютадағы депозиттерін теңгеде есептегенде 23.3% (+886 млрд. теңге) ұлғайған. Жеке тұлғалардың валютадағы депозиттері 2020 жылдың бірінші тоқсанында доллармен есептегенде 2.7% (+270.7 млн. долл. США, 3 сурет) көбейді. Соңғы 12 ай бойынша валютадағы депозиттер доллармен есептегенде 4.6% (+460.1 млн. долл. США) өскен. 2020 жылдың бірінші тоқсанында валютадағы депозиттердің осындай елеулі өсуіне теңгенің әлсіреуі ықпал етті (2020 жылдың 1-ші тоқсанында 17.5%). Сонымен қатар 2020 жылдың бірінші тоқсанында теңгедегі депозиттердің азайуына қарағанда, валютадағы депозиттердің өсімі теңгедегі депозиттердің валютаға конвертациясы әсерінен болуы ықтимал.


Сонымен, 2020 жылдың бірінші тоқсанында жеке тұлғалар салымдарының нарығында теңгедегі депозиттердің кемуі мен валютадағы депозиттердің өсу үрдістері байқалады. Теңгедегі депозиттердің кемуі тек теңгенің әлсіреуі негізінен болған жоқ. Нәтижесінде 2020 жылдың бірінші тоқсанында жеке тұлғалар салымдарының өсуінің басты драйвері - валюталық қайта бағалау болды (2-ші сурет).

Бірақ егер жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттерінің динамикасын ұзақ уақыт аралығында қарастыратын болсақ, нарықта құрылым проблемасының көрсететін, бұрыннан бері келе жатқан депозиттердің өсу үрдістерінің өзгерісі байқалмайды. Осы уақытта теңгедегі депозиттердің 2020 жылдың бірінші тоқсанында қысқаруы тек оның 2019 жылдың соңындағы күрт өсімін тегістеуге ғана әсер етеді


1-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің динамикасы



2-сурет. Жеке тұлғалар депозиттерінің құрылымының өзгеріс динамикасы



3-сурет. Валюталық депозиттердің өзгеру динамикасы



<sup>1</sup> Барлық кезеңдерде валютаны қайта бағалау әсерінсіз мәндерді есептеу кезінде базалық бағам ретінде 2019 жылдың аяғындағы айырбас бағамының мәні алынды.

(2019 жылдың 4-ші тоқсанында +10.6%).

Валютадағы депозиттердің (валюталық қайта бағалауды есептегенде) жалпы өсу динамикасы осыдан бұрын келе жатқан баяу азайу трендінен кері қайтқаны байқалады (3-ші сурет). Бұл көбінесе ұлттық валютаның әлсіреуімен және әлемдік пен отандық экономикадағы белгісіздікпен байланысты. Экономика тұрақтандырылғаннан кейін валютадағы депозиттердің азайу трендіне кері қайтарылуы ықтимал. Бұған теңгедегі депозиттердің тиімді кірістілігінің де ықпалы тиюі мүмкін.

Жеке тұлғалардың депозит шоттарының саны 2020 жылдың 1-ші тоқсанында 3.3% көбейіп, 70.4 млн. (соңғы 12 ай бойынша +16.6%, 1-сурет) құрады. Тоқсан сайын тұрғындардың ашылған депозиттік шоттарының саны үнемі өсіп отыратынын атап өткен жөн. Шоттардың 2020 жылғы 1-ші тоқсанында 2.3 миллионға өсуі 2019 жылы байқалған шоттар санының орташа тоқсандық өсуіне сәйкес келеді (+2,4 миллион шот).

#### Депозиттердің сегменттер бойынша орналасу құрылымы

- Көпшілік сегмент – 15 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер.

- Ортаңғы сегмент – 15 - 50 млн. теңгеге дейінгі қалдықтары бар депозиттер.


- Ірі сегмент – 50 млн. теңгеден асатын қалдықтары бар депозиттер.

2020 жылдың бірінші тоқсанында депозиттердің үш сегментінде де өсім байқалды. Ең үлкен өсімді ірі сегменттің депозиттері көрсетті (2020 жылғы 1-тоқсанда + 13,8%, 4-сурет). Тұтастай алғандағы депозиттер жағдайындағыдай, өсім негізінен валютаны қайта бағалау есебінен болды. Алайда, валютаның қайта бағалануын есептегенде, елеусіз өсімді көрсеткен жалғыз сегмент - бұл ірі сегмент (+ 0.4%).


Ең үлкен құлдырау (валютаны қайта бағалауды қоспағанда) ортаңғы сегментте (-4.6%), содан кейін көпшілік сегментте байқалады. (-1.6%).

Тұтастай алғанда, сегменттер арасында ірі сегментте теңгедегі депозиттердің азаю тенденциясы байқалса, (5-сурет), ал ірі сегменттегі шетел валютасындағы депозиттердің өскені байқалады (+ 26%, валютаны қайта бағалауды қоспағанда + 7.2%, 6-сурет). Мәліметтерге сүйене отырып, 2020 жылдың 1-тоқсанында ірі депозиттердің теңгеден шетелдік валютаға ағуы айырбас бағамының төмендеуі әсерінен болды деген қорытынды жасауға болады. Сонымен бірге қалған сегменттерде теңгеде де, шетел валютасында да (валюта бағамын қайта есептегенде) депозиттердің азаюы байқалады. Сондай-ақ, теңгенің айырбас бағамының әлсіреуіне қарамастан көпшілік сегменттегі валютадағы депозиттердің төмендегенін (валютаны қайта бағалауды есепке алмағанда - 4.8%) және теңгедегі депозиттердің тиісті ағыны

4-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттеріндегі өзгерістер



5-сурет. Теңгедегі депозиттер сегменттерінің өзгеруі



болмағанын атап өткен жөн (2020 жылғы 1-тоқсанда -0.6%, 5-сурет).

Өзгерістер нәтижесінде 2020 жылдың 1-тоқсанының соңында сегменттердің арақатынасы келесідей (7-сурет): 52.5% - көпшілік сегмент (жыл басында 54.7%), 11.5% - ортаңғы сегмент (жыл басында 11.8%), 35.9% - ірі сегмент (жыл басында 33.6%). Долларизация деңгейі үлкен сегментте айтарлықтай жоғары екенін атап өткен жөн - 2020 жылдың 1-тоқсанының соңында 78.7% (2019 жылдың соңында 71%). Долларизацияның ең төменгі деңгейі көпшілік сегментте байқалады - 24.4% (2019 жылдың аяғында 22.3%). Осы қатынастан қазақстандықтардың ірі ақшаны сақтау үшін шетел валютасындағы депозиттерді таңдайтынын көруге болады.

Шоттар бойынша бірінші тоқсанның аяғында барлық сегменттердегі шетел валютасындағы депозиттер шоттарының едәуір күшті өсуі байқалды, ал ірі (-12.1%) және ортаңғы сегменттің (-8.2%) теңгелік шоттары төмендеді.

### Мерзімі бойынша депозиттердің орналасу құрылымы

Бірінші тоқсандағы теңгедегі депозиттер көлемінің төмендеуі мерзімсіз депозиттерге (-10%, 9-сурет) және ағымдық карталық шоттардағы қалдықтарға (-10.3%, 9-сурет) байланысты болды. Осымен қатар теңгедегі жинақ депозиттерінің 39.5%-ға өсуін атап өткен жөн (9-сурет). Бұл жағдай осы депозиттер бойынша салыстырмалы түрде жоғары кірістіліктің сақталуымен түсіндіріледі (басқа депозит түрлерімен салыстырғанда ең жоғары).


Бұрынғыдай теңгедегі депозиттер ішінде ең үлкен үлесті мерзімсіз депозиттер құрайды - 55% (2019 жылдың аяғында 58.6%), одан кейін мемлекет субсидияланатын депозиттер - 17.2% (2019 жылдың соңында 15.2%) және ағымдық карталық шоттар - 17.2% (18.4%)

Шетел валютасындағы депозиттерде барлық мерзім категорияларында қарқынды өсім байқалды, алайда валютаның қайта бағалануын қоспағанда, негізгі өсу динамикасын шетел валютасындағы мерзімді салымдары + 25,2% және шетел валютасындағы жинақ депозиттері + 25,4% көрсетті.


Шетел валютасындағы салымдардың ішінде басқа түрлерімен салыстырғанда ең үлкен үлесті айтарлықтай басымдыққа ие болып тұрған мерзімсіз депозиттер алады - 83.6% (2019 жылдың аяғында 85.2%).

Нәтижесінде абсолюттік мәнді бойынша ең үлкен өсімді мерзімсіз депозиттер (+ 4,5%, + 294,8 млрд. теңге, 8-сурет) негізінен теңгедегі депозиттердің азаюы мен валютаны қайта бағалау есебінен және жинақ салымдары көбінесе теңгелік депозиттердің өсуіне және қайта бағалауды есептеменгенде шетел валютасындағы депозиттердің ұлғаюына байланысты (+ 41,7%, +208 млрд. теңге) көрсетті.


6-сурет. Шетел валютасындағы депозиттер сегменттерінің өзгеруі



7-сурет. Жеке тұлғалардың депозиттері сегменттерінің құрылымы



8-сурет. Депозиттер құрылымы, трлн. теңге



2020 жылғы 1-тоқсанда төмендеуді көрсеткен жалғыз сегмент - ағымдық карталық шоттар (-4,6%, -58 млрд. теңге, 8-сурет). Ол теңгедегі салымдардың жылыстауы және қайта бағалауды есептегенде, шетел валютасындағы депозиттер ағынының болмауына байланысты.

Депозиттердің жалпы көлеміндегі тұрақты қаржыландырудың үлесі<sup>2</sup> тоқсан ішінде жинақ салымдарының өсуіне байланысты 2.7 пайыздық тармаққа (бұдан әрі – п.т.) 11%-ға дейін өсті (8-сурет). 2020 жылдың 1-тоқсанында алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда тұрақты қаржыландыруға жатпайтын депозиттердің белсенді өсуіне байланысты (негізінен мерзімсіз валютадағы депозиттер) тұрақты қаржыландырудың өсу қарқынының төмендеуі байқалады (алдыңғы тоқсанда рекордтық +4 п.т.). Жалпы теңгелік салымдар ішінде тұрақты қаржыландыру депозиттерінің үлесі 4 п.т. өсіп, 13%-ды құрады (9-сурет), бұл рекордтық тоқсандық өсім болып табылады.

### Салымдардың долларлануы

2020 жылдың бірінші тоқсанында депозиттердің долларлануы 47.4%-ға дейін, 5.7 п.т. өсті (2019 жылдың аяғында – 41.8%, 10-сурет). Алайда, долларланудың өсуіне басты үлесті теңгенің АҚШ долларына қатысты әлсіреуі қосты. Валюталық қайта бағалауды есептегенде, депозиттердің долларлануы 43.4% құрады (өсу қарқыны 1-тоқсанда 1.7 п.т., 10-сурет), бұл теңгедегі депозиттердің азаюы мен доллармен есептегендегі шетел валютасындағы депозиттердің орташа өсуімен байланысты.

Депозиттердің жалпы долларлануы сегменттер тұрғысынан (валюталық қайта бағалауды ескере отырып) келесідей болды: ірі сегментте – 28.3% (2019 жылдың аяғында 23.9%), көпшілік сегментте – 12.8% (2019 жылдың соңында 12.2%), ортаңғы сегментте – 6.3 % (2019 жылдың соңында 5.7%).


Шетел валютасын қайта бағалауды есептегенде, сегмент бойынша долларлану келесідей болды: ірі сегмент - 26% (2019 жылдың соңында 24%), көпшілік сегмент – 12.8% (2019 жылдың соңында 12%). Ортаңғы сегмент 5.8% (2019 жылдың соңында 5.7%).

Әдеттегідей, ең күшті долларлану ірі сегменттің депозиттерінде байқалады - ірі сегменттің жалпы депозиттерінің 78.7%-ы (валюталық қайта бағалауды есептегенде 76%, 2019 жылдың аяғында 71%, 11-сурет).


Долларланудың ең аз мөлшері көпшілік сегменттің депозиттерінде байқалады – 24.4% (валютаның қайта бағалануын есептегенде 21.5%, 2019 жылдың аяғында 22.3%, 11-сурет).

Жалпы шоттардың ішінде валюталық шоттар тек 6.3%-ды құрайды. Ірі шоттардың 67%-ы (2019 жылдың аяғында


9-сурет. Теңгелік депозиттер құрылымы, трлн. теңге



10-сурет. Салымдардың долларлануы



11-сурет. Сегменттердегі долларлану



<sup>2</sup> Мерзімді және жинақ депозиттерінің сыйақы көлемінің сыйақысы мемлекет есебінен субсидияланатын депозиттерді қоспағандағы жалпы депозиттерге қатынасы

60.2%) шетел валютасындағы депозиттерден тұрады. Ортаңғы сегментте тек 52.2% (2019 жылдың аяғында 46.4%) шетел валютасындағы шоттар болып табылады. Көпшілік сегментте шетел валютасындағы шоттардың үлесі 6.2%-ды құрайды (2019 жылдың соңында 5.5%). Сонымен, валюталық шоттарға ең ірі депозиттер тиесілі және депозиторлар оларды үлкен қаражатты сақтау құралы ретінде қабылдайды деп қорытынды жасауға болады.

Мерзімдік критерийлері бойынша ең үлкен долларлану мерзімді депозиттерде – 83.4% (2019 жылдың соңында – 76.8%) және талап етілгенге дейінгі салымдарда байқалады – 66.8% (2019 жылдың соңында - 58%). Долларланудың ең аз дәрежесі жинақ салымдарында – 28.5% (2019 жылдың аяғында 27.3%) және ағымдық карталық шоттарда байқалады – 25.8% (2019 жылдың соңында 21%).

Валютаны қайта бағалауды есептемегенде, депозиттердің келесі түрлері долларланудың төмендегенін көрсетті: мерзімсіз депозиттер - 46% (2019 жылдың аяғында 50%), жинақ салымдары - 25% (2019 жылдың аяғында 27%).

## Сыйақы мөлшерлемелері


1-тоқсанда мерзімсіз депозиттердің нарықтық сыйақы мөлшерлемесі ҚРҰБ базалық мөлшерлемесіне сәйкес максималды ұсынылатын мөлшерлемеге қарай біртіндеп өсуін көрсетті. Осылайша, нарықтық мөлшерлеменің максималды ұсынылатын мөлшерлемеге дейін спреді<sup>3</sup> 2019 жылдың соңында 0.6 п.т.-тен 2020 жылдың наурыз айының соңында 1.6 п.т.-қа кеңейді (2019 ж. 3-тоқсанының соңында 0.6 п.т.).

Нарықтық сыйақы мөлшерлемелердің өсуіне экономикадағы дағдарысқа жауап ретінде болған наурыз айындағы ҚРҰБ базалық мөлшерлемесінің күрт өсуі елеулі түрткі болды. ҚРҰБ базалық мөлшерлеменің өсуі ұсынылатын ең жоғары мөлшерлеменің айтарлықтай өсуіне қарай әсер етті (мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесі 9.8% - дан 13% -ға дейін өсті). Тиісінше, банктер өз мөлшерлемелерін бір уақытта көтеру арқылы әрекет етті.


Нәтижесінде бірінші тоқсанда мерзімсіз депозиттер бойынша нарықтық сыйақы мөлшерлемесінің жалпы өсімі 2.2 п.т. тең болды (алдыңғы тоқсанда өзгеріс болған жоқ). Сонымен бірге нарықтық сыйақы мөлшерлемесі мен ұсынылған мөлшерлеменің арасындағы спредтің мәні айтарлықтай 1.6 п.т. құрады, бұл банктердің ұзақ реакциясы мен банктердің қаржыландыру құнын күрт өсіргісі келмейтіндігін көрсетті.

Мөлшерлемелердің салыстырмалы түрде жоғары өсуін көрсеткен басқа депозиттер - 3 айлық жинақ салымдары +1 п.т., 6 айлық +0.6 п.т. Банк жүйесіндегі ең жоғарғы


12-сурет. Депозит түрлері бойынша долларлану



13-сурет. Мерзімсіз салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



14-сурет. Мерзімді салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің динамикасы



<sup>3</sup> Депозиттік өнімнің нақты түрі үшін ұсынылған ең жоғарғы мөлшерлеме мен нарықтық мөлшерлеме арасындағы айырмашылық



